

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 513 және 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 1318

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамы өндірісінің астық жинаушы комбайндары үшін есеп айырысулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 513 P970513_ қаулысына:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы бір ай мерзімде Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 316 өкіміне сәйкес "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамынан өзі сатып алған 202 астық жинайтын комбайндарын, сондай-ақ "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамының "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы алдындағы берілмеген техника үшін беру сәтіндегі теңгенің АҚШ долларына баламы бойынша 100 160 186 (жүз миллион жүз алпыс мың жүз сексен алты) теңге сомасындағы және Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы алдындағы 62 комбайн бойынша қарыздарын талап ету құқығын заңдарда белгіленген тәртіппен берсін";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына "Енисей" маркалы 264 астық жинайтын комбайндарының олардың жинақтылығын ескере отырып, құнына төлем жасау бойынша 1 166 229 086 (бір миллиард жүз алпыс алты миллион екі жүз жиырма тоғыз мың сексен алты) теңге мөлшеріндегі шығынына, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағында аталған "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамының "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына берешегіне өтем жасасын".

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы республикалық бюджетке 1996 жылы мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға бөлінген қаражатты қайтару бойынша республикалық бюджетке берешегін өтеу есебіне 1 266 389 272 (бір миллиард екі жүз алпыс алты миллион үш жүз сексен тоғыз мың екі

жүз жетпіс екі) теңге аударсын";

"Мемлекеттік астық ресурстарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901 Р970901_ қаулысына:

3-тармақта:

"Алматы облысы" деген сөздер алынып тасталсын;

"облысқа" деген сөз "республикаға" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алматы облысының әкімі облыс ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 149 өкімімен мақұлданған келісім-шарт бойынша берілген жүгері өсіру жөніндегі венгер технологиясы үшін берешегін Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорына қаржы аударумен өтеу жөнінде шаралар қабылдасын".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі